

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2019-2020 оқу жылындағы кезекті Академиялық комитет
отырысының ҚАУЛЫЛАРЫ № 4

Түркістан қаласы

25 қараша 2019 жыл

Өткізілетін орын: Мәдениет сарайы, кіші конференция залы.

Өткізілетін уақыты: 2019 жылдың 25 қарашасы, сағат 15:00

Комитет мүшелері – 43

Қатысқандар: 38, келмегендер: 5

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- 1.Бакалавриат бітірушілерінің дипломдық жұмыс (жоба) тақырыптарын, жетекшілерін және сын-пікір берушілер тізімін бекіту (Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысының орынбасары – Шайхитдинұлы Ж.);
- 2.2020-2021 оқу жылына Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын ескере отырып, Білім беру бағдарламаларын әзірлеу жұмыстарын ұйымдастыру туралы (Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысының орынбасары – Шайхидинұлы Ж., Факультет декандары);
- 3.Бакалавр, интернатура, резидентура бағдарламалары бойынша қорытынды аттестациялық пәндердің тізімін бекіту (Факультет декандары, Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысының орынбасары – Шайхитдинұлы Ж; Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығының басшысы – Жолшибекова М.Р);
- 4.Білімгерлердің құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалау механизмінің факультеттерде жүзеге асырылу мониторинг нәтижелерін талдау (Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысының орынбасары – Шайхидинұлы Ж.Факультет декандары);
- 5.Бакалавриат бойынша қорытынды аттестаттау кешендері емтихандары үшін пәндер тізімін және кешенді емтихан бағдарламаларын бекіту (Жауапты: Факультет декандары, Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры - Т.Ж.Ниязов);
- 6.2019-2023 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспар аясында оқу-әдістемелік жұмыстардың орындалуы (Гуманитарлық ғылымдар факультеті бойынша)
- 7.Әртүрлі мәселелер:

7.1. «Академиялық күнтізбеге» өзгерістер енгізу: 2017 жылы қабылданған 6R114400-Акушерлік және гинекология және 6R112700-Жалпы хирургия мамандықтарының резиденттерінің негізгі оқу жоспарларына 3 курстар үшін өндірістік іс-тәжірибе; 2019 жылы қабылданған 7R09101-Педиатрия, 7R09102-Акушерия және гинекология: балалар гинекологиясы, 7R09103-Жалпы хирургия, 7R09104-Неврология: балалар неврологиясы, 7R09105-Терапия, 7R09106-Отбасылық медицина, 7R09107- Кардиология: балалар кардиологиясы, 7R09108-Эндокринология, балалар эндокринологиясы, 7R09109-Нейрохирургия: балалар нейрохирургиясы бағдарламалары бойынша білімгерлердің жылдық емтихан бағаларын Платонус базасына енгізу мақсатында, аралық бақылау тапсыру мерзімдерін қою (Жауапты: Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультетінің деканы М.С.Жүнісов);

7.2.Бейіндік бағыт 6M050700-Менеджмент (Білім беру саласындағы менеджмент), 6M050700-Менеджмент (Денсаулық сақтау саласындағы менеджмент), 6M030100-Құқықтану (Кәсіпкерлік құқық), 6M050600-Экономика (Кәсіпорын экономикасы), 6M070300-Ақпараттық жүйелер (Компьютерлік инженерия) мамандықтарының негізгі оқу жоспарларына (кешенді емтихан) және академиялық күнтізбеге өзгерістер енгізу (Жауапты: Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығының басшысы М.Р.Жолшибекова).

7.3. ҚР БЖҒМ «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2018» грант иегерлерінің есебін талқылау (Жауапты: Грант иегерлері, Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры - Т.Ж.Ниязов).

7.3.1.Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебі, э.ғ.к., доцент Мунасипова Малике Ерехановна;

7.3.2.Жаратылыстану факультеті, «Биология» кафедрасының меңгерушісі, техн.ғ.к. доцент. Исаев Ғани Исаұлы;

7.3.3. Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультеті, м.ғ.д. профессор Елікбаев Галымжан Мамырбекович;

7.3.4.Жаратылыстану факультеті, «Математика» кафедрасының меңгерушісі, ф.-м.ғ.к профессор м.а. Султанов Мурат Абдукадырович;

7.3.5.Гуманитарлық ғылымдар факультеті, «Тарих» кафедрасының т.ғ.к., доценті Динашева Лазат Сарсенбековна

7.3.6. Филология, «Қазақ филологиясы» кафедрасының ф.ғ.к., доценті Исаева Жазира Исақызы.

7.4.ҚР жоғары оқу орындарының қауымдастығы президенті Р.А.Алшановтың 29.10.2019 жылғы № 456-4-19 хаты негізінде марапаттарына ұсыну туралы:

7.4.1.Г.Ж.Азретбергенованы «Жоғарғы кәсіптік білім беру саласындағы үздік педагог» құрметті атағына;

7.4.2.Б.С.Мырзалиевті «Жоғарғы кәсіптік білім беру саласындағы үздік ғылыми қызметкер» құрметті атағына;

7.4.3.Бідырыс Серікбай Садуақасұлын «Жоғарғы кәсіптік білім беру саласындағы үздік ғылыми қызметкер» құрметті атағына;

7.4.4.Батырова Назыгуль Турсынхановнаны «А.Байтұрсынов атындағы алтын медаль» марапатына ұсыну туралы.

7.5.Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі № 202 санды бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясына барлық оқу жылында «А», «А-» өте жақсы деген бағаға ие болған студенттерге 2019 жылдың 1-ші шілдесінен бастап бір академиялық мерзімге тиісті стипендия тағайындау туралы (Жауапты: Факультет декандары, Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры - Т.Ж.Ниязов).

7.6.Университет ОПК дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын талқылап бекіту (Эксперттік комиссия төрағасы – Ж.Шайхидинұлы).

7.7. 2,3,4 – курс бакалавриат (медициналық мамандықтардан басқа) мамандықтарының негізгі оқу жоспарында қорытынды аттестаттауды өткізу бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу (Жауапты: Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары – А.Бостанова).

7.8.Факультеттерде көптілді білім беру жүйесімен оқыту жағдайы (Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталықтың басшысының орынбасары – Ж.Шайхидинұлы)

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша:

Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1..2019-2020 оқу жылының бакалавриат бітірушілерінің дипломдық жұмыс (жоба) тақырыптары, жетекшілері және сын-пікір берушілер бекітілсін, бұйрыққа ұсыныс берілсін (Мерзімі: 10.12.2019ж.) (Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталықтың басшысы – Ж.Шайхиддинұлы; Факультет декандары).

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша

Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2.1.2020-2021 оқу жылына Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын ескере отырып, Білім беру бағдарламаларын дамытудың іс-шаралар жоспары назарға алынсын. Жапкершілік факультет декандарына және кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

2.2. 2020-2021 оқу жылына арналған Білім беру бағдарламаларын құрастырушылар мен сарапшылар тізімі бекітілсін. (Факультет декандары, БББ және әдістемелік орталығы).

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша:

Академиялық комитет кеңесі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.2020-2021 оқу жылына бакалавр, магистратура, докторантура бағдарламалары бойынша қорытынды аттестациялық пәндер тізімі бекітілсін (Жауаптылар: Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысының орынбасары – Ж.Шайхидинұлы Ж; Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығының басшысы – М.Р. Жолшибекова);

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша

Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

4. Оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері пән силлабустарына, қорытынды аттестаттау бағдарламаларына ендірілсін.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша

Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.1. Барлық мамандықтар бойынша Мемлекеттік емтихан бағдарламалары Сенат мәжілісінде қарауға ұсынылсын. (Жауапты: Факультет декандары, Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры - Т.Ж.Ниязов).

5.2. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты №604 және Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру №563 бұйрықтар негізінде университеттің барлық мамандықтары бойынша қорытынды аттестация Диплом жұмысты (жобаны) жазу және қорғау болып қалдырылсын, диплом жұмысынан босатылғандар үшін екі кешенді емтихан тапсырылсын.

5.3. Кешенді емтихандар бағдарламалары Сенат мәжілісіне бекітілуге ұсынылсын.

Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша

Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

6. Гуманитарлық ғылымдар факультетінің стратегиялық жоспар аясындағы оқу-әдістемелік жұмыстардың орындалуы назарға алынсын. Стратегиялық жоспар аясында оқу-әдістемелік жұмыстардың орындалуы есебіне толық -тырулар жасалынып, кафедра есептері факультет аясында біріктірілсін. Жауапкершілік факультет деканы С.Абжаловқа жүктелсін.

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің бірінші сұрағы бойынша
Академиялық комитет кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

7.1.1. 2017 жылы қабылданған 6R114400-«Акушерлік және гинекология», 6R112700-«Жалпы хирургия» мамандықтарына қабылданған резиденттердің негізгі оқу жоспарына сәйкес өндірістік іс-тәжірибе 3-курста өту қарастырылмағандықтан, 2019-2020 оқы жылына бекітілген «Академиялық күнтізбеге» өзгеріс енгізілсін.

7.1.2. 2019-2020 оқу жылына резидентура бағдарламасы бойынша қабылданған білімгердің жылдық емтихан бағаларын Платонус базасына енгізу үшін, бекітілген «академиялық күнтізбеге» аралық бақылау тапсыру мерзімдері енгізілсін.

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің екінші
сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

7.2. Бейіндік бағыт 6M050700-Менеджмент (Білім беру саласындағы менеджмент), 6M050700-Менеджмент (Денсаулық сақтау саласындағы менеджмент), 6M030100-Құқықтану (Кәсіпкерлік құқық), 6M050600-Экономика (Кәсіпорын экономикасы), 6M070300-Ақпараттық жүйелер (Компьютерлік инженерия) мамандықтарының негізгі оқу жоспарларына кешенді емтиханды қою үшін академиялық күнтізбеге өзгерістер енгізілсін (*Жауапты: Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығының басшысы М.Р.Жолшибекова*).

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің үшінші
сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

7.3. ҚР БЖҒМ «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2018» грант иегерлерінің есебі бойынша:

7.3.1. э.ғ.к., доцент М.Е.Мунасипованың ҚР БЖҒМ «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2018» грант есебінде Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебі шешіміндегі орын алған кемшіліктер түзетіліп (назарға алынсын), толықтырулар жасалып, факультет деңгейінде (кеңесінде) қайта қаралып, Университеттің Академиялық комитет кеңесінде қайта қарауға ұсынылсын.

7.3.2. Жаратылыстану факультеті, «Биология» кафедрасының меңгерушісі, техн.ғ.к. доцент. Ғ.И.Исаевтың ҚР БЖҒМ «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2018» грант есебі қанағаттанарлық деп танылып, университет Сенат мәжілісінде қарауға ұсынылсын.

7.3.3. м.ғ.д. проф. Ғ.Елікбаев мырзаның ҚР БЖҒМ «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2018» грант есебінде Жоғары медициналық білімнен кейінгі

білім беру факультеті шешіміндегі орын алған кемшіліктер түзетіліп, толықтырулар жасалып, факультет деңгейінде (кеңесінде) қайта қаралып, Университеттің Академиялық комитет кеңесінде қайта қарауға ұсынылсын.

7.3.4. Жаратылыстану факультеті, «Математика» кафедрасының меңгерушісі, ф.-м.ғ.к профессор м.а. М.А.Султановтың ҚР БЖҒМ «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2018» грант есебі, Өзінің болмауына байланысты, Университеттің Академиялық комитет кеңесінде қайта қарауға ұсынылсын.

7.3.5. Гуманитарлық ғылымдар факультеті, «Тарих» кафедрасының т.ғ.к., доценті Л.С.Динашеваның ҚР БЖҒМ «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2018» грант есебі, Өзінің болмауына байланысты, Университеттің Академиялық комитет кеңесінде қайта қарауға ұсынылсын.

7.3.6. Филология, «Қазақ филологиясы» кафедрасының ф.ғ.к., доценті Ж.И.Исаеваның ҚР БЖҒМ «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2018» грант есебі қанағаттанарлық деп танылып, университет Сенат мәжілісінде қарауға ұсынылсын.

Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің төртінші сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

7.4. ҚР жоғары оқу орындарының қауымдастығы президенті Р.А.Алшановтың 29.10.2019 жылғы № 456-4-19 хаты бойынша Жоғары мектептен ұсынылған ұсыныс пен оқытушы-профессор құрамының құжаттары марапаттау комиссиясына жіберілсін:

7.4.1. Г.Ж. Азретбергенованы «Жоғарғы кәсіптік білім беру саласындағы үздік педагог» құрметті атағына;

7.4.2. Б.С.Мырзалиевті «Жоғарғы кәсіптік білім беру саласындағы үздік ғылыми қызметкер» құрметті атағына;

7.4.3. Ыдырыс Серікбай Садуақасұлын «Жоғарғы кәсіптік білім беру саласындағы үздік ғылыми қызметкер» құрметті атағына;

7.4.4. Батырова Назыгуль Турсынхановнаны «А.Байтұрсынов атындағы алтын медаль» марапатына.

Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің бесінші сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

7.5. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 13.05.2019 жылғы «2019 жылда Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын жоғары орындарға бөлу туралы» № 202 санды бұйрығына сәйкес барлық оқу жылында «А», «А-» өте жақсы деген бағаға ие болған төмендегі аты-жөні көрсетілген студенттерге 2019 жылдың 1-ші шілдесінен бастап бір академиялық мерзімге тиісті стипендия тағайындау туралы ұсыныс Университеттің Сенат мәжілісінде қарауға ұсынылсын.

Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясына ұсынылған студенттер тізімі

№ р/с	Аты-жөні	Факультеті	Мамандығы	Курсы
1.	Ақжігіт Әсел	Филология	5В021000-Шетел филологиясы: қытай тілі	4
2	Жайшылық Жансая	Гуманитарлық ғылымдар	5В021100-Теология	3

Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің алтыншы сұрағы бойынша Академиялық комитет кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

7.6.Төмендегі ұсынылған Университет оқытушы-профессор құрамының оқулықтары мен оқу құралдарын баспаға ұсыну үшін (өз есебінен шығаруға) бекітілсін және баспаға ұсынылсын.

7.6.1.Экология және химия кафедрасының х.ғ.к., ХҚТУ профессоры С.А.Жұмаділлаева дайындаған «Химиялық синтез негіздері» атты оқу құралын бекіту және баспаға ұсыну.

7.6.2.Биология кафедрасынан а. ш.ғ.к., доценттер Р.А. Дайрабаев пен Ерденев М.Т. дайындаған «Мәдени дақылдардың қысқаша мазмұны» атты оқу құралын бекіту және баспаға ұсыну.

7.6.3.Әлем тілдері кафедрасының п.ғ.д, профессоры Г.Г.Еркибаеваның «Методика преподавания русского языка I» оқу құралын;

7.6.4.Әлем тілдері кафедрасының п.ғ.д, профессоры Г.Г.Еркибаеваның «Методика преподавания русского языка I» оқу-әдістемелік құралы;

7.6.5.Қазақ филологиясы кафедрасының ф.ғ.к., доценті Ж.Исаеваның дайындаған «Паремиология» атты оқу құралын ;

7.6.6.Беркимбаев К.М., Султанмурат М.С., Бураева Ж.Б. дайындаған «Педагогика. Көшбасшылық теориясы» атты оқу құралын.

7.6.7.Дінтану кафедрасының филос.ғ.к., доценттері С.У.Абжалов, М.М.Мырзабеков, Қ.Р.Қаратышқановалар «Ханафи.-Матуриди мазхабы» атты оқу құралын бекіту және баспаға ұсыну.

7.6.8.Түрік филологиясы кафедрасының ХҚТУ доценті Э.Адилбекова дайындаған «Түрік тарихындағы эпостық жырлар» атты оқу құралы.

7.6.9.Профилактикалық медицина және стоматологиялық пәндер кафедрасынан А.М.Булешованың «Научные исследования в здравоохранении» оқулығы.

7.6.10.Экология және химия кафедрасының доценті, техн.ғ.к., Д.Сунақбаева дайындаған «Техника және технология қауіпсіздігі» атты оқу құралы.

7.6.11. Әлеуметік ғылымдар факультеті, Туризм және журналистика кафедрасының доцент м.а. PhD А.Абубакированың «Туризмде кәсіпкерлік қызмет негіздері» атты оқу құралы.

7.6.12. Мемлекеттік басқару және экономика жоғарғы мектебі, мемлекеттік даму және аймақтық басқару бағдарламасынан авторлар С.Нахипбекова, С.Ыдырыс дайындаған «Адам ресурстарын стратегиялық басқару» оқу құралы.

2. Университет Академиялық комитетінде 25.11.2019 ж. (№4 хаттама) қаралып бекітілген төмендегі тізім бойынша Университет оқытушы-профессор құрамының оқулықтары мен оқу құралдары РОӘК-не Гриф алу және баспаға ұсыну үшін (өз есебінен шығаруға) университет Сенатының күн тәртібіне енгізуге ұсынылсын:

1. Экология және химия кафедрасының х.ғ.к., ХҚТУ профессоры С.А.Жұмаділлаева дайындаған «Химиялық синтез негіздері» атты оқу құралын;

2. Әлем тілдері кафедрасының п.ғ.д, профессоры Г.Г.Еркибаеваның «Методика преподавания русского языка I» оқу құралын;

3. Қазақ филологиясы кафедрасының ф.ғ.к., доценті Ж.Исаеваның дайындаған «Паремиология» атты оқу құралын ;

Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің жетінші сұрағы бойынша Академиялық комитет кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

7.7. «Білім берудің барлық деңгейінің ҚР БЖҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген ЖМББС негізінде университеттің 2,3,4 курс-бакалавриат мамандықтары (медициналық мамандықтардан басқа) бойынша жасалған НОЖ-ң қорытынды аттестациясы «Диплом жұмысты (жобаны) жазу және қорғау болып 12 кредитпен қалдырылсын».

Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің сегізінші сұрағы бойынша Академиялық комитет кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

8.1. 2018-2019 оқу жылына факультеттердегі көптілді білім беру жүйесімен оқыту жағдайын жетілдіру, дамыту шаралары назарға алынсын. (Жауапты: Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталықтың басшысының орынбасары Ж.Шайхидинұлы; Факультет декандары).

5.2. Ағылшын тілінде оқытатын пәндерді жүргізетін мұғалімдердің ағылшын тілін білу деңгейлерін тереңдетілсін. (Жауапты: Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталықтың басшысының орынбасары Ж.Шайхидинұлы; Факультет декандары).

8.3. Университет тарапынан ұйымдастырылатын «Ағылшын тілін оқыту» біліктілік курстарына ағылшын тілінен жүргізетін пән оқытушыларын қатыстыру ұйымдастырылсын (Жауапты: Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталықтың басшысының орынбасары Ж.Шайхидинұлы; Факультет декандары).

8.4. Оқу жоспарына шет тілдерінде өтетін пәндер тізіміне ұсыныстар берілсін (Жауапты: Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталықтың басшысының орынбасары Ж.Шайхидинұлы; Факультет декандары).

8.5. Факультеттердегі «көптілді білім беру жүйесіне сәйкес» ағылшын тілінде оқылатын пәндердің пайыздық көрсеткіші 30% -ға дейін арттырылсын (Жауапты: Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталықтың басшысының орынбасары Ж.Шайхидинұлы; Факультет декандары).

Қаулылар мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс.

Хатшы



Ж.И.Исаева

